

**Д. Жекенов** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

## ҚАЗАҚ КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ ГЕОСАЯСИ ТҰЖЫРЫМДАРЫ МЕН ОЙЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

Халықаралық қатынастар теориясы туралы жалпы ұғым қалыптасқалы бері көптеген өзгерістер мен даму жолынан өтті. Ғалымдар арасында Халықаралық қатынастар теориясы «батыста» қалыптасты және «шығыстық» үлгідегі халықаралық қатынастар теориясы жоқ деген көзқарастар ғылыми ортада талқыланды. Шығыстық ғалымдар қарап қалмай, «Қытайлық үлгідегі халықаралық қатынастар теориясы» деген жаңа тұжырымдар мен ғылыми ойлар қарқынды дамып, тарихын тереңнен ала отырып, қытайлық ғалымдар батыстық әріптестеріне «шығыста» (нақтырақ айтсақ Қытайда) халықаралық қатынастар теориясы бар екендігін дәлелдеді. Тарихын тереңнен алатын, халықаралық қатынастардың ертеден-бүгінге дейінгі ұзақ мерзімінде әлемдік сахнада ондаған империялар мен қағанаттар құра алған Қазақ мемлекеттілігінде геосаяси ойлардың, мемлекет құру мен халықаралық ережелердің теориялық негізі болмауы қалай?! Мақаланың негізгі мақсаты Қазақ көшбасшыларының саяси тұжырымдары мен ойларындағы теориялық негіздерді іздеу болып табылады.

Қасым ханның Сыр бойындағы қалаларға ие болудағы негізгі мақсаты, «Қасқа жолдағы» құқықтық негіздер; Хақназар, Тәуекел хандармен басталып, Абылай ханмен жетілдіріліп, Алашордашылардың мақсатына айналған «Алты алаш» (интеграция) идеясы тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясат тұжырымдарының негізі болуы тиіс.

**Түйін сөздер:** геосаясат, геосаяси ойлар, қазақ көшбасшылары, «Алты Алаш» және интеграция.

D. Zhekenov

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

### Geopolitical concepts and thoughts of the Kazakh leaders and a new approach to their study

Since the formation of the common concept of the international relations theory, it has undergone a lot of changes embarking on the path of development. A variety of opinions have been discussed in the scientific community concerning the fact that the international relations theory was shaped “in the West” and there is no analogous theory “in the East”. But the scholars of the Orient have developed new concepts, scientific ideas by studying thoroughly their history such as “international relations theory with the Chinese specific”. Chinese scholars have proved to their western counterparts that there exists an international relations theory in the East (namely in China).

How can it be so that the Kazakh statehood deeply rooted in the past and having created dozens of Empires and Kaganates in the world arena, over a long period of international relations from ancient times to the present days could not have the theoretical basis of the geopolitical concepts and thoughts on the state structure and international rules? It is one of the main reasons that this article focuses on the search for the theoretical basis of the Kazakh leaders.

The conquest of the cities along the Syr-Darya river by Kasym Khan, the legal basis of “Kazka jol” (Shining Path), the idea of integration of “Alty Alash” launched from the time of the Khans of Hacknazar and Tauekel and advanced by Abylai Khan and being the principal goals of Alash Orda, must become the major basis of foreign political concepts of Independent Kazakhstan.

**Key words:** geopolitics, geopolitical ideas, “Alty Alash”, Kazakh leaders, integration.

Д. Жекенов

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

### Геополитические концепции и мысли казахских лидеров и новый подход в их изучении

С момента формирования общей концепции теории международных отношений она претерпела множество изменений и прошла путь развития. В научном сообществе обсуждались взгляды о том, что теория международных отношений сформировалась «на западе» и что не существует теории международных отношений на «востоке». Однако, восточные ученые развивали новые концепции, научные идеи и углубляли их историю, такие как «теория международных отношений в Китайском стиле», китайские ученые доказали своим западным коллегам, что на «востоке» (точнее в Китае) существует теория международных отношений. Как может казахская государственность, имеющая глубокую историю и создавшая десятки империй и каганатов на мировой арене за длительный период международных отношений с древних времен до наших дней, не иметь теоретической основы геополитической концепции и мысли, государственного устройства и международных правил?! Основной целью статьи является поиск теоретических основ в политических выводах и мыслях Казахских лидеров.

Основная цель Касым-хана в завоевании городов вдоль Сырдарьи, правовые основы «Каска жол/Светлый путь»; идея (интеграции) «Алты алаш», берущая начало со времен ханов Хакназара, Тауекел, усовершенствованная Абылай-ханом и ставшая целью Алашординцев, должны стать основой внешнеполитических концепций независимого Казахстана.

**Ключевые слова:** геополитика, геополитические идеи, казахские лидеры, «Алты Алаш» и интеграция.

#### Кіріспе

*Халықаралық қатынастар теориясының тарихы.* Халықаралық қатынастар теориясына қатысты жаңа көзқарастар соңғы жиырма жылдың көлемінде қарқынды дами бастады. «Батыстық» көзқарастарға негізделген, жасырын идеологиялық мақсаттары бар деп танылған классикалық теориялардың барлығы тікелей немесе жанама сынға ұшырай бастағаны рас. Батыс Еуропада басталып, Америкада қуат алған халықаралық қатынастардың дәстүрлі теориялары қазіргі күні де ғылыми ордада, білім беру жүйелеріне басымдыққа ие және ғылыми негіздері де жоқ емес.

Дегенмен, жаңа қалыптасып отырған халықаралық жағдайлар, «шығыс әлемінің» саяси жағынан да экономикалық жағынан да «батыспен» бәсекелестік теңдігіне теңеспесе де айтарлықтай үлеске ие болуы халықаралық қатынастар теориясына «шығыстық» үлгідегі жаңа көзқарастардың жол ашуына мүмкіндік беріп отыр. Мәселен, «Қытайлық ерекшеліктегі халықаралық қатынастар теориясы» деген ұғым ғылыми айналымға еніп, қытайдың ғалымдарының ортасында ғана емес, еуропалық, америкалық ғалымдардың да арасында ғылыми пікір таласына айналып, кейбір ғалымдарымен мойындалып да отыр. «Шығыстық» халықаралық қатынастар теориялары мен тұжырымда-

рындағы да негізгі сынға алынатын дүние, теориялар мен тұжырымдарда ұлттық немесе өркениеттік идеологиялардың анық болуы болып отыр. Мәселен, “Tianxia” (All under heaven), “Datong” (universal great harmony) деп аталатын қытайлық ерекшеліктегі тұжырымдар анық идеологиялық құндылықтармен тамырланған. Қытайлық ерекшеліктегі халықаралық қатынастар теориясының екі басты негізі: біріншіден, қытай мәдениетіне, тарихи дәстүріне негізделген және қолданбалы маңыздылығының болуы; екіншіден, оның әмбебаптық (universal) қабілетінің болуы және жергілікті мінезді сақтай отырып, жалпыға құнды болуға ұмтылуы (Yaqing, 2013). Алғашқысында, идеологияның болу керектігі анық ескертілген болса, екінші талабында жалпыға ортақ пайдалы болуы айтылған. Яғни бір жағынан теория деген дүниеде идеологияның болмауы керек болса, екінші жағынан теория жалпыға ортақ болуы керек деген талапқа да сай келіп отыр. Қытайлық ғалымдар қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарда бәрібір жасырын идеологияның болатынын, «батыстық қалыптасқан классикалық теорияларда да идеологияның бар екенін айта келіп, теорияға қойылатын талап жалпыға ортақ болуында деген көзқарасты алдыға тартады. «Қытайлық ерекшеліктегі халықаралық қатынастар теориясының» бірнешеуі шынымен жалпы адамзат үшін тартымды келбетке ие.

Қалай болғанда да қазіргі ғылыми көзқарастар халықаралық қатынастар теориясының тарихын қайта қарай отырып, жаңа баға бере бастады. Мәселен, халықаралық қатынастар теориясы және сыртқы саясат ғылым ретінде әмбебап, шынайы ғылым ретінде емес, «батыс» әлемін насихаттау, «батыс» әлемінің жетістіктеріне таңдану мақсатында пайдаланылады деген де көзқарастар айтылуда. Канадалық танымал халықаралық қатынастартанушы Роберт Кокс: «теория әрқашан біреу үшін және белгілі мақсатқа ие», – деген ойын білдірсе, келесі жерде: «халықаралық қатынастар теориясы әрқашан «батыс» үшін, болмаса «батыс» әлімінің мүддесі үшін жұмыс жасайды», – деп тіпті қатты кеткен болатын (Сох, 1981: 127).

Біздің мақаланың мақсаты «батыстық» немесе «шығыстық» теориялардың кемшіліктерін іздеу емес. Қалыптасқан классикалық теориялардың халықаралық қатынастардағы қиыншылықтар мен қайшылықтарды шешуде пайдалы екені даусыз. Тек екі жақтың бір-біріне қоятын айыбы – *халықаралық қатынастар теориясы жасырын идеологиямен негізделген* – деген ұстанымдары. Оған кез келген теория білгілі бір мүддеге жұмыс жасайды деген тұжырымды қосыңыз. Кез келген теория идеологиялық мақсат тұтса, белгілі бір мемлекеттің, аймақтың, болмаса өркениеттің мүддесін қорғаса, ондай теориялар қаншалықты деңгейде біздің мемлекеттік мүдделерімізді қорғай алады? Әрине адамзатқа ортақ, жаһандық мәселелер мен қиыншылықтар күн тәртібінде тұрғанда, пайдалылығында дау жоқ, мәселе аймақтық, мемлекеттік болмаса өркениеттік мазмұн алған кезде, «халықаралық қатынастардың қазақша әдісі» болуы әділетті тәрізді. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан ЖОО халықаралық қатынастартанушыларды даярлау барысында, қазақ көшбасшыларының геосаяси ойлары мен тұжырымдары оқытылуы керек деп білеміз.

*Тақырыптың өзектілігі.* Көтеріліп отырған тақырып, халықаралық қатынастар және де қоғамдық және гуманитарлық, саяси ғылымдардың барлығы үшін де маңызды. Себебі, аталған бағыттағы барлық салаларды оқыту және зерттеу барысында қалыптасқан «батыстық» теориялардың басымдыққа ие екендігін білеміз. Әрине, біздің мақсатымыз ол теориялардан бас тарту емес, бірақ, мемлекеттік, аймақтық, тіпті өркениеттік мүдде тұрғысынан, классикалық теориялармен қатар жергілікті

тұжырымдар мен теориялардың оқытылуын насихаттау. Классикалық теориялармен қатар, жергілікті теорияларды оқыту үшін алдымен ғылыми ортада теориялық мектептердің негізін қалау мәселесін көтеруіміз керек. Сондықтан, мақаланың мақсаты, Халықаралық қатынастар және саяси ғылымдарға теориялық тұжырым бола алатын қазақ көшбасшылары мен ойшылдарының тұжырымдары мен сыртқы саясатты реттеудегі ұстанымдарын зерттеу болып табылады. Мәселен, Макиавеллидің «Билеуші» атты кітабындағы мемлекет басшысына, халықтың мемлекет басшысына қатысты ойлары (Machiavelli, 2013), Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» трактатындағы ойларды қайталамайды ма (al-Farabi, 1998)? Томас Мордың «Утопиясындағы» мемлекет құрылуы үшін қиялдағы арал жасауынан (More, 2003), Асан-қайғының «Жерұйық» іздеу философиясы біз үшін қиялдан нақты қадамға жасалған әрекет тәрізді. Макиавелли мен Томас Мор «геосаясат негіздері», «халықаралық қатынастар теориясы» атты пәндердегі классикалық мектептердің озық көшбасшылар ретінде оқытылғанымен, Фараби мен Асан-қайғы идеялары тіпті де ескерілмейді. Әрине, оған Қазақстандағы халықаралық қатынастар саласында ғана емес, барлық дерлік қоғамдық ғылымдарда отандық ғылымның теориялық негіздерінің әлсіздігі немесе зерттеудегі ескі көзқарастар мен әдістер кінәлі.

Барлық қазақ көшбасшыларының геосаяси ойларын бір мақалада қарау мүмкін болмағандықтан, бірнеше жеке case (оқиға) мысал ретінде алынған. Орталық Азия аймағының халықаралық қатынастар сахнасында маңыздының артып келе жатуы, аймақтағы туындап отырған қайшылықтар мен қақтығыстар, Халықаралық қатынастардағы ықпал ету орталығының «батыстан» «шығысқа» ауыса бастауы, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңындағы Қазақстан Республикасы үшін жаңа сын-қатерлердің қарсы келуі, халықаралық қатынастар саласына жаңаша, қазақстандық көзқарастың қалыптасуының және күшеюінің маңыздылығын арттыра түседі.

### **Теориялық-методологиялық базасы**

*Тақырыптың зерттелу деңгейі мен деректік базасы.* Көтеріліп отырған тақырыптың зерттелу деңгейі төмен. Себебі, көтеріліп отырған мәселелер қазақстандық халықаралық қаты-

настар ғылым саласы үшін жаңа екендігі даусыз. Осының өзі мақаланың өзектілігін тағы да арттыра түседі.

Дегенмен, мақаланың негізгі тұжырымдарының бірі, халықаралық қатынастар теориясы жасырын идеологияларға негізделген және «батыстық» өткениеттің мүддесін көбірек қорғайды, – деген пікір болғандықтан, осы бағыттағы зерттеулердің біршамасын мақала жазу барысында қолдандық. Мәселен, соңғы жылдарда халықаралық қатынастар теориясының тарихын зерттеу мәселесі көтерілгелі бері көптеген жаңа ізденістер жарыққа шығып үлгерді (Ashworth 2014; Dunne, Hansen & Wight 2013). Қазіргі уақыттағы танымал америкалық ғалым Джон Хобсан өз еңбектерінде халықаралық қатынастар теориясы еуроцентристік бағытта екендігін сынға ала отырып, жалпы қазіргі халықаралық қатынастар ғылымы шынайы, әмбебап ғылым қалыптастыра алмай отыр деп сынға алады (Hobson, 2012). Ал халықаралық қатынастар ғылымындағы «америкалық басымдық» туралы пікірін ресейлік американист Э.Я. Баталов өз еңбектерінде сынға алған (Баталов, 2014).

Дегенмен, біздің мақаланың негізі мақсаты халықаралық қатынастар теориясының кемшіліктерін іздеу емес, қазақ көшбасшыларының геосаяси ойларын іздеу болғандықтан бұл зерттеулердің барлығы тақырыбымызға тек жанама қатысты зерттеулер болып табылады.

Тақырыпты зерттеу барысында «қытайлық ерекшеліктегі халықаралық қатынастар теориясы» салыстырмалы талдау үшін аса қажет болғандықтан, қытайлық ғалымдардың да зерттеулері қарастырылды. Атап айтар болсақ, «қытайлық ерекшеліктегі халықаралық қатынастар теориясын қалыптастырушылардың бірі болып табылатын Qin Yaqing еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар қолданылды (Qin Yaqing, 2009).

2020 жылдың 6 наурызында №280-ші ҚР Президентінің жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы» атты құжат тақырыпты талдау барысындағы құжаттық және деректік базасы қызметін атқарады (akorda, 2020). Аталған құжат жеті тарауға бөлініп, сыртқы саясаттың негізгі басымдықтары мен қағидаттарын анықтаған. Осы тұста, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы негіз-

гі басымдықтар: «Қазақстан өзін әлемдік қауымдастықтың жауапты мүшесі, Еуразия құрлығының геосаяси және геэкономикалық орналасу жүйесінің негізгі элементі, Орталық Азия өңіріндегі көшбасшы мемлекет мәртебесін бекітуі тиіс», – деп көрсетілгендігін айта кеткіміз келеді (akorda, 2020). Олай болған жағдайда, халықаралық қатынастардың классикалық, теориялық, жаһандық басымдықтарға негіз бола алса, өңірлік және құрлықтық мәселелерге келгенде қазақстандық тұжырымдардың қуатты болу керектігі анық. Осы тұрғыдан алғанда біз көтеріп отырған мәселенің маңыздылығы тағы да бір рет дәлелдене түседі.

Осы құжаттың «Сыртқы саясаттың мақсаттары мен міндеттері» деп аталатын 4-тарауында: «гуманитарлық дипломатияны жандандыру», «халықаралық қоғамдастықта елдің жағымды бейнесін танымал ету» міндеттері қойылған (akorda, 2020). Осы ретте де, халықаралық қоғамдастық алдында қуатты мемлекет келбетін қалыптастыру үшін, оның тарихи теориялық және идеологиялық терең тамыры бар екендігін дәлелдеу аса маңызды болмақ.

*Халықаралық қатынастар теориясына қатысты қалыптасқан ғылыми мектептер.* Мақаланың теориялық базасын негіздеу үшін, қалыптасқан ғылыми мектептер мен ақыл-ой орталықтарының (think-tank centre) жалпы ғылым және мемлекеттік мүдде үшін аса маңызды екендігін дәлелдеу маңызды. Пеннсилвания университеті жыл сайын жариялайтын «2020 Global Go to think Tank Index Report» атты халықаралық ақыл-ой орталықтарының рейтингісі мен маңыздылығын анықтайтын құжаттар жинағында біз көтеріп отырған мәселе Қазақстан ғылымы үшін ғана емес, берісі Орталық Азия мемлекеттері, арысы барлық Азиялық мемлекеттер үшін маңызды екендігін көрсетеді. Аталған құжаттағы бір ғана деректі келтірер болсақ, 2020 жылдың қорытындысы бойынша Дүние жүзіндегі барлық ықпалды ақыл-ой орталықтарының 47 пайызы Солтүстік Америка мен Батыс Еуропада орналасқан (McGann, 2021). Бұл дегеніңіз ғылым мен білімнің басым бөлігі осы жақта жасалатынының нақты дәлелі. Дегенмен, осы құжаттың тағы бір дерегінде, Азия мемлекеттерінде 2000 жылдардың ортасынан бастап ақыл-ой орталықтарының қарқынды дамып келе жатқаны көрсетілген (McGann, 2021).

This chart reflects the number of think tanks in 2020 based on data collected as of the summer of 2020. (McGann, 2021)

REGION	NUMBER OF THINK TANKS
EUROPE	2932
NORTH AMERICA	2397
ASIA	3389
SOUTH & CENTRAL AMERICA	1179
SUB-SAHARAN AFRICA	679
MIDDLE EAST & NORTH AFRICA	599
TOTAL	11175

2020 Top Foreign Policy and International Affairs Think Tanks Table 19

1. Brookings Institution (United States)
2. Carnegie Endowment for International Peace (United States)
3. China Institutes of Contemporary International Relations (CICIR) (China)
4. Center for Strategic and International Studies (CSIS) (United States)
5. Japan Institute of International Affairs (JIIA) (Japan)
6. French Institute of International Relations (IFRI) (France)
7. Wilson Center, FKA Woodrow Wilson International Center for Scholars (United States)
8. Chatham House (United Kingdom)
9. RAND Corporation (United States)
10. Atlantic Council (United States)
11. Real Instituto Elcano (Spain)
12. Centre for Strategic and International Studies (CSIS) (Indonesia)
13. Clingendael, Netherlands Institute of International Relations (Netherlands)
14. Council on Foreign Relations (CFR) (United States)
15. International Institute for Strategic Studies (IISS) (United Kingdom)
16. Institute for International Political Studies (ISPI) (Italy)
17. German Council on Foreign Relations (DGAP) (Germany)
18. Istituto Affari Internazionali (IAI) (Italy)
19. Observer Research Foundation (ORF) (India)
20. Center for American Progress (CAP) (United States)
- .....
82. *Economic Research Institute (ERI) (Kazakhstan) (McGann, 2021).*

Жоғарыда көрсетілген мәліметтер әлемнің ең үздік ақыл-ой орталықтарының қай мемлекеттерде орналасқанының нақты көрсеткіші. Екінші кестеде Сыртқы саясат пен Халықаралық қатынастар бойынша рейтинг нәтижесі көрсетілген. Үздің 20 орталықтың 16-сы Америка мен Еуропада орналасқан. Аталған рейтингтің 82 сатысында Қазақстандық Экономика ғылыми зерттеу орталығы орналасқан. Қазақстандық әріптестеріміз үшін қуанышты болғанымызбен,

өз көрсеткіштеріміздің бұл рейтингте тіпті жоқ екендігі қынжылтады.

Осы тұрғыдан алғанда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өз алдына ғылыми-зерттеу университеті жолына түсу мақсатын қойып отырған уақытта, ғылыми ақыл-ой орталықтарын қалыптастыру және олардың нақты теориялық дүниелермен айналысу керектігі уақыт талабы.

Қазақ көшбасшыларының сыртқы саясаттағы тұжырымдарының негіздері. Қазақстан Республикасының сыртқы саясат ұстанымдары оның халықаралық аренадағы келбеті бейбітшілік пен татулықты қолдаушы, қақтығыстар болған жағдайда ара-ағайындық әрекеттер арқылы келісімдермен шешуге атсалысушы, көп векторлығымен қалыптасып келеді. Сыртқы саясатта осы келбеттің қалыптасуына идеологиялық және теориялық негіздер бола алатын дәстүрлі және тарихи құндылықтарды зерттеу және ғылыми айналымға енгізу, ҚР сыртқы саяси келбетінің іргетасын мықтай түсетіні анық.

Қазақ даласында өмір сүрген мемлекеттердің, қазіргі Қазақстан Республикасының түп-негіздерінің барлығында дерлік негізгі моральдық-этикалық құндылық «еркіндік» және «бостандық» ұғымдары болды. Тарихи үдеріс барысында болған барлық соғыстар мен қақтығыстар, еркіндік пен бостандық үшін күрес жолында жүргізілді. «Бас кеспек болса, тіл кеспек жоқ» деген сөздің өзі, сөз бостандығының халық пен билік арасындағы қатынастағы маңыздылығын көрсетеді. Қорқыт философиясындағы «өмірдің мәңгі еместігі», Асан-қайғы идеологиясындағы «мемлекет құруға ең қолайлы – жерұйығы», Әл-Фараби теорияларындағы «Қайырымды қаланың қайырымды тұрғандары мен билеушісі» сияқты құндылықтар Қазақстан Республикасы сыртқы саясат тұжырымдамасының идеологиялық іргетасы бола алады.

### Ойталқы

Қазақ басшыларының геосаяси ойлары мен әрекеттерін бір мақалада қарау мүмкін болмағандықтан, біз өз мақаламызда соның бірнешеуіне қысқа шолу жасайтын боламыз. Мақсатымыз, қазақ көшбасшыларының ұстанымдары мен басқару философиясындағы әрекеттерін ғылыми айналымға енгізу, болмаса ғылыми ортаның ойталқысына түсіру.

Қасым ханның әрекеті. Ағылшындық ғалым Х. Макиндердің «Хардленд» тұжырымы

геосаясат ұғымының дамуына орасан зор әсер етті. Осы тұжырымдағы негізгі идея «Хардленд» аталатын аймаққа кім ықпал етеді немесе осы аймақты кім бақылауына алады, сол әлемді өз бақылауында ұстайды деген ой еді (Макиндер, 1904).

Қазақ хандығының ресми төртінші ханы Қасым хан, ағасы Бұрындық хан болған кезден бастап-ақ, Сыр бойындағы қалаларды жаулап алуды бастаса, өзі хан болғаннан кейін, осы мақсатына жетіп, одан ары Қазақ хандығының шекарасын Батыс аймаққа қарай жылжытумен айналысқан болатын. Егер XVI ғасырдың басында әлі де болса халықаралық саудада Ұлы жібек жолы бірден-бір батыс пен шығыс арасындағы халықаралық сауда қызметін атқарғандығын ескерсек, ал Ұлы жібек жолының негізгі тармақтары Сыр бойындағы қалалар бойымен батысқа қарай жылжып, Еділ мен Жайық өзендерінің төменгі сағасымен Каспий теңізін жағалай өткенін ескерсек, геосаяси тұрғыдан Қасым ханның Халықаралық сауда үдерісіне ықпал етуді, тіпті халықаралық сауданы бақылауда ұстау мақсаты болғандығын көреміз.

Осы ретте, Қасым ханның саяси қызметін, белгілі тарихшы, профессор Б. Кәрібаевтың Егемен Қазақстан газетіне жарияланған мақаласынан үзінді келтіре кетсек: «XVI ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақ хандығы батыста Астрахань хандығымен шектесіп, Қырым хандығына елшіліктер жібереді. Бұрынғы Жошы ұлысының аумағында Қазақ хандығының күшеюі, Алтын Орда езгісінен енді-енді құтылған, бірақ оның салдары әлі де болса Мәскеу билеушілерінің жадында сақталғандықтан өте қорқынышты еді. Сондықтан да Мәскеуде Қасым хан туралы, Қазақ хандығы және қазақтар туралы мәліметтер арнайы жинақтала бастаса керек. Қазақ хандығының Қасым хан тұсында Мауереннахрмен саяси қарым-қатынасының табысты болуы хандықтың оңтүстік және оңтүстік-шығыс бағыттарындағы аумағын кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар батыс бағытта да жемісті саяси қарым-қатынастар жүргізуіне мүмкіндіктер береді» (egeмен.kz, 2021).

Жалпы аталған мақаладан ғана емес, Қасым ханның тарихи келбетін анықтауға көмектесетін көптеген деректердің барлығы дерлік Қасым ханның өз уақытында нағыз халықаралық дәрежедегі мемлекеттік басшы, аймақтық және халықаралық мәселелермен толық ақпараттанған және геосаяси маңызды шешімдерді шығарушы екендігін дәлелдей аламыз. Қасым ханның осы қадамдарының да теориялық, идеологиялық та-

рихи негіздері бар екендігі сөзсіз. Тек біз ғылыми айналымға енгізу мәселесін ғана көтере алмай отырмыз. Болмаса, Х. Макиндердің «Хардленд» идеясының маңыздылығын практикалық тұрғыдан іске асырған Қасым ханның саяси қызметі қалайша теориялық тұжырымдарсыз атқарылуы мүмкін.

Қасым хан саясатының қазіргі уақыт үшін қолданбалы маңыздылығы бар. Біз мақаламыздың кіріспе бөлімінде көрсеткен «ҚР сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы» құжатында көрсетілген: «Қазақстан өзін әлемдік қауымдастықтың жауапты мүшесі, Еуразия құрлығының геосаяси және геοэкономикалық орналасу жүйесінің негізгі элементі, Орталық Азия өңіріндегі көшбасшы мемлекет мәртебесін бекітуі тиіс», – деп көрсетілгендігін басымдықтар тұрғысынан қарастыру керек (akorda, 2020).

Қасым ханның сыртқы саясатындағы нәтижелері мен тарихи деректерге сүйенер болсақ, қазіргі ҚР сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі болып отырған, Орталық Азия мемлекеттер арасында көшбасшылық мәртебесін бекіту мәселесін Қасым хан нақты іске асыра алған. Сыртқы саясатымызда бұл басымдықтың қойылуы, мемлекетіміздің Орталық Азия мемлекеттері арасында көшбасшылық мәртебесіне Өзбекстан беделінің қарқынды күшеюімен түсіндірілсе керек.

«Еуразия құрлығының геосаяси және геοэкономикалық орналасу жүйесінің негізгі элементі», – деп көрсетілген басымдықтың да тарихи геосаяси маңыздылығы Қасым хан әрекеттерімен түсіндіре аламыз (akorda, 2020). Қасым хан заманындағы Еуразия құрлығында геосаяси және геοэкономикалық жүйенің маңызды элементі ғана болып қоймай, Батыс пен Шығыстың ортасында ең негізгі сауда қарым-қатынастарына қауіпсіздік пен тыныштықты қамтамасыз ете отырып, өз бақылауында ұстай алуы, қазір ҚР сыртқы саясатының басымдықтары ретінде көрсетіліп отырған мақсатты артығымен орындап тұрғандығын көрсетеді.

*Алты Алаш идеясы.* Жаһандану заманындағы халықаралық қатынастарда күштердің ара салмағын реттеу, экономикалық өзара тәуелділік, ұжымдық қорғану немесе қиыншылықтар мен қақтығыстардың алдын алу мәселелерінде интеграциялық үдеріс аса маңызды. Еуропалық Одақ интеграцияның ең жетілдірілген үлгісін көрсетіп отыр. Әрине, Еуропалық Одақтың интеграциялық үдерісінде қайшылықтар мен кемшіліктер бар, дегенмен, ұжымдық басқару,

қорғану мәселелерінде Орталық Азия үшін бізге нақты ұтымды мысал бола алары даусыз.

Еуропалық елдер халықаралық қатынастар сахнасындағы күштер ара салмағында Еуропалық Одақ аясында интеграцияға түсу керек екендігін екінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан кейін қолға алды. Осыған ұқсас Еуразия құрлығында екі күшті империя арасында орналасқан Орталық Азиялық мемлекеттер үшін, күштер арасындағы теңдікті сақтау үшін шұғыл интеграция жасау керектігі қазіргі осы мемлекеттердің ғалымдарының да басшыларының да ресми мәлімдемелерінен айтылып жүр. Ал осы интеграциялық үдерістің тарихи бастауы Қазақ хандары, Хақназар, Тәуекел хандардан басталған, Абылай хан сыртқы саясатының негізгі басымдықтарына айналған «Алты Алаш» идеясынан басталады. Қазақ хандары халықаралық геосаяси ойындардың барысын нақты болжай алған және алдын ала ұтқыр шешімдер қабылдаған. «Алты Алаш» құрамына Орталық Азиядағы бес мемлекетті құраушы ұлттарды және бір жерлерде Қарақалпақ ұлтын, екінші бір жерлерде Ноғай ұлтын қосып отырады. Қалай болғанда да Орталық Азия мемлекеттері үшін бағзы заманнан қазіргі уақытқа дейін, аймақтағы ұжымдық шешімдер, ұжымдық қорғану, өзара қайшылықтарды аймақ ішінде өзара тәуелділік қағидаттары арқылы реттеу мақсаттары күн тәртібінен алынған емес.

XXI ғасырдағы Орталық Азия аймағының маңыздылығының артуы, аймақтың табиғи ресурстарға бай қоры, аймақтың транзиттік әлеуеті, сонымен қатар, геосаяси тұжырымдар бойынша болжанып отырған жарқын болашағы, халықаралық қатынастардың жаңа тәртіптері мен ережелері қалыптасып жатқан уақытта Қазақ хандарының «Алты Алаш» идеясын тарихи негіз етіп ала отырып, Орталық Азия мемлекеттер арасындағы интеграциялық үдерісті жылдамдату керек.

«Алты Алаш» идеясын көтерген Қазақ хандары тұсында Қазақ хандығының өркендеу және даму кезеңін бастан кешіргенін көреміз. Қазақ хандығы тарихындағы халықаралық дәрежеде мойындалған, аймақтық дәрежеде беделі сақталған, ішкі саясатта тұрақтылық пен тыныштық қамтамасыз етілген кез келген хронологиялық кезеңдерді алып қарасаңыз, Қазақ хандарының сыртқы саясатында теорияға негізделген ұтымды тұжырымдар болған.

Орталық Азия аймағы «Алты Алаш» идеясынан бас тартып, әр мемлекет сыртқы саясатын жеке жүргізе бастаған уақыттан бастап, от-

арлау және тәуелсіздіктен айырылу кезеңдері басталды. Патша үкіметіне қарсы әр жердегі көтерілістер, ұжымдық деңгейге көтеріле алмады және нәтижесінде Орталық Азия тұтастай отар елдер қатарына қосылды.

«Алты Алаш» идеясы патша үкіметі құлап, Кеңес үкіметі орнайтын аралықта Алаш қайраткерлерімен қайта көтерілді. Дегенмен, Алашордашылардың геосаяси қадамдары мен тұжырымдары басқа мақалада әрі терең зерттеуді талап етеді. Тек біз «Алты Алаш» идеясының XX ғасырда да өлмегенін, тарихи сабақтастық сақталғандығына тағы бір назар аудартқымыз келеді.

ҚР ЖОО-да «геосаясат негіздері», «халықаралық қатынастар теориясы» пәндері оқытылған кезде, міндетті түрде Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан және Абылай хан мысалындағы қазақ көшбасшыларының геосаяси тұжырымдары мен шешімдері оқытылуы керек. Ал академиялық ғылыми орта үшін, Қазақ көшбасшыларының сыртқы саясатына халықаралық қатынастар теориялары мен тұжырымдары тұрғысынан қайта баға беру міндеті тұр.

### Қорытынды

Кез келген мемлекеттің халықаралық сахнада жетістікке жетуі немесе ұтылуы сол мемлекеттің сыртқы саясат тұжырымдамасының ұзақ мерзімге нақты мақсаттарды көрсете отырып жасалуымен байланысты. Халықаралық қатынастардағы жетекші, ықпалды мемлекеттердің барлығының сыртқы саясатында ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлар бар. 2020 жылы Президент жарлығымен бекітілген ҚР сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы, біздің елдің да сыртқы саясат бағытында нақты стратегиялық жоспарымыз пен міндеттеріміздің бар екендігінің дәлелі.

Осы тұста, «Мәңгілік Ел» идеясын айта кеткіміз келеді. Көршіміз қытай өзін «Аспан астындағы орталық ел» деп атап, сыртқы саясаттағы басымдықтар мен жоспарларды осы идеяның аясына топтастыру жолында жұмыс істеуде. Жапония, Оңтүстік Корея сияқты мемлекеттер халықаралық болмаса да аймақтық держава мәртебесін өздеріне ұзаққа байлағысы келеді. «Мәңгілік Ел» тек өзінің атауымен-ақ ұтымдылығын көрсетіп отыр. Тек академиялық ғылыми орта, осы идея аясында кешенді зерттеулер жүргізіп, «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи, теориялық негіздерін айшықтап, оны сыртқы саясаттағы нақты тұжырымдармен бекітіп беруі керек.



«Мәңгілік ел» идеясына байланысты Н. Мұхамедханұлы өзінің «Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі» атты еңбегінің қорытынды бөлімінде тың ойлар келтірген. Автор: «Ұлт тұтастанбай мемлекет күшеймейді. Халқымыздың ежелден бергі арманы – бірігіп тұтастану, көбейіп бірегейлену, мәңгілік ел болу», – деп пікір білдіреді (muhametkhanuly, 2021). Тұжырымдардың арасында Күлтегін заманынан қалған ойды «Кедей халықты бай қылмай, аз халықты көп қылмай» мәңгілік ел болу жоқ екендігі туралы пікір «Мәңгілік ел» идеясына тұғыр бола алатындай көрінеді.

Жалпы «Мәңгілік ел» идеясы біздің пікір бойынша ең бірінші «сапа» түсінігімен синонимге айналуы керек. Сапалы білім, кешенді ғылым, тұғырлы саясат, қуатты экономика, ең сапалы өнім, денсаулығы күшті ұлт – осының бәрі сапалы болғанда ғана мәңгілік болмақ.

Қорыта келгенде, мақаламыздың негізгі мақсаты болып отырған, халықаралық қатынастар ғылымы алдына жаңа зерттеу бағыттарын айқындауымыз керек.

- *Біріншіден*, университет базасында ақыл-ой орталықтарының негізін қалау (think-tank centre). Жоғарыда көрсеткеніміздей, мемлекеттің қуаттылығы оның экономикасы мен саяси беделінен ғана емес, ғылымының дамуымен де анықталады. Мемлекетте неғұрлым ақыл-ой орталықтарының көп болуы, сол мемлекеттің халықаралық сахнада қуаттылығын арттыра түседі. Адамзатқа ортақ теориялар мен тұжы-

рымдардың белгілі-бір мемлекет ақыл-ой орталығында пайда болуы, сол мемлекеттің жасырын болса да идеологиялық мүддесін нығайта түседі.

- *Екіншіден*, ақыл-ой орталықтарының арасында ашық бәсекелестік пен ғылыми пікірдің әралуандығын қалыптастыру. Яғни, нақты бағыттарды зерттейтін ғылыми мектептер қалыптастыру. Мәселен, реализм теориясының негізгі үш анықтамасы: мемлекеттік мүдде, мемлекеттің егемендігі және күштер арасындағы теңдік болар болса, осы бағытта керемет нәтижелерге қол жеткізген (Абылай хан мысалында) қазақ көшбасшыларын саяси реализмнің қазақстандық өкілдері ретінде зерттеу.

- *Үшіншіден*, ғылыми мектептер қалыптастыру жолында «геосаясат негіздері», «халықаралық қатынастар теориясы» пәндері оқытылған кезде, міндетті түрде Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан және Абылай хан мысалындағы қазақ көшбасшыларының геосаяси тұжырымдары мен шешімдері оқытылуын алға қою керек. Сонымен қатар, «Қазақ көшбасшыларының геосаяси тұжырымдары» атты арнайы курс енгізу аса маңызды.

- *Төртіншіден*, Ақыл-ой орталықтары қалыптастырылып, ғылыми мектептер арасында ғылыми бәсекелестікті жолға қойып, ғылыми-педагогикалық жұмыстардың қолданбалылық деңгейін арттыру үшін, ҚР Сыртқы Істер Министрлігімен бірлесе отырып, ҚР сыртқы саясат тұжырымдарының теориялық негіздері мен идеологиялық сабақтастығын күшейту жолында жұмыстар атқару.

## Әдебиеттер

- Баталов Э.Я. Американская политическая мысль XX века. – М.: Прогресс-Традиция, 2014.
- Қасым ханның қазақ тарихындағы рөлі // Егемен Қазақстан, 2021. Алынды: <https://egemen.kz/article/292452-qasym-khannynh-qazaq-tarikhyndaghy-rol>
- Al-Farabi On the Perfect State, Kazi Publications, Inc., Richard Walzer (Translator), 1998, pp. 1-588
- Ashworth L. A History of International Thought. From the Origins of the Modern State to Academic International Relations. NY: Routledge, 2014.
- Cox R. Social Forces, States, and World Orders: Beyond International Relations Theory // Millennium-Journal of International Studies, 1981, N10. pp. 126-155.
- Dunne T., Hansen L., Wight C. The End of International Relations Theory? // European Journal of International Relations, 2013. N 19 (3). pp. 405-425.
- Hobson J.M. (2012) The Eurocentric Conception of World Politics. Western International Theory. (1760-2010). Cambridge: Cambridge University Press.
- Machiavelli N. The Prince. – Gildan Media LLC, 2013, pp 1-106
- Mackinder, H. J. The Geographical Pivot of History, The Geographical Journal, 1904, Vol. 23, No. 4. pp. 421-437
- McGann & James G. “2020 Global Go To Think Tank Index Report”. TTCSP Global Go To Think Tank Index Reports, 2021. Retrieved from [https://repository.upenn.edu/think\\_tanks/18](https://repository.upenn.edu/think_tanks/18)
- More Th. Utopia, Penguin Classics, 2003, pp 1-176.
- Мухаметханұлы Н. Халықаралық феномен: Қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі. – Алматы: Қазақ университеті, 2021, 1-249 б.



On the Concept of the Foreign Policy of the Republic of Kazakhstan for 2020-2030. Akorda.kz., 2021. Retrieved from [https://www.akorda.kz/en/legal\\_acts/decrees/on-the-concept-of-the-foreign-policy-of-the-republic-of-kazakhstan-for-2020-2030](https://www.akorda.kz/en/legal_acts/decrees/on-the-concept-of-the-foreign-policy-of-the-republic-of-kazakhstan-for-2020-2030)

Qin Yaqing. Culture and global thought: Chinese international theory in the making. *Revista CIDOB d'Afers Internacionals*, 2013, n.100.

Qin Yaqing. Development of International Relations Theory in China. *International Studies*, 2009, 46, 1&2.

### References

Akorda.kz (2020) On the Concept of the Foreign Policy of the Republic of Kazakhstan for 2020-2030. Retrieved from [https://www.akorda.kz/en/legal\\_acts/decrees/on-the-concept-of-the-foreign-policy-of-the-republic-of-kazakhstan-for-2020-2030](https://www.akorda.kz/en/legal_acts/decrees/on-the-concept-of-the-foreign-policy-of-the-republic-of-kazakhstan-for-2020-2030)

Al-Farabi (1998) *On the Perfect State*, Kazi Publications, Inc., Richard Walzer (Translator), pp. 1-588

Ashworth L. (2014) *A History of International Thought. From the Origins of the Modern State to Academic International Relations*. NY: Routledge.

Cox R. (1981) *Social Forces, States, and World Orders: Beyond International Relations Theory* // *Millennium-Journal of International Studies*. N10. pp. 126-155.

Dunne T., Hansen L., Wight C. *The End of International Relations Theory?* // *European Journal of International Relations*. 2013. N 19 (3). pp. 405-425.

Egemen.kz (2021) Qasım ханның қазақ тарихындағы рөлі [The role of Kassym Khan in Kazakh history] Retrieved from <https://egemen.kz/article/292452-qasym-khannynh-qazaq-tarikhnyndaghy-rol-i> (In Kazakh)

Hobson J.M. (2012) *The Eurocentric Conception of World Politics. Western International Theory. (1760-2010)*. Cambridge: Cambridge University Press.

Mukametkhanuly N. (2021) *Halykaralyk phenomenon: Kazakh halkynyn boliny men tutastany uderisi* [The international phenomenon: the separation of Kazakh people and its returning process] Almaty: al-Farabi university press, pp. 1-249. (In Kazakh)

Machiavelli N. (2013) *The Prince*. – Gildan Media LLC pp 1-106

Mackinder, H. J. (1904) *The Geographical Pivot of History*, *The Geographical Journal*, Vol. 23, No. 4. pp. 421-437

McGann & James G. (2021) “2020 Global Go To Think Tank Index Report”. *TTCSP Global Go To Think Tank Index Reports*. 18. Retrieved from [https://repository.upenn.edu/think\\_tanks/18](https://repository.upenn.edu/think_tanks/18)

More Th. (2003) *Utopia*, Penguin Classics, pp 1-176

Qin Yaqing. (2013) Culture and global thought: Chinese international theory in the making. *Revista CIDOB d'Afers Internacionals*, n.100.

Qin Yaqing. (2009) Development of International Relations Theory in China. *International Studies*. 46, 1&2.

Batalov E.Ya. (2014) *Amerikanskaya politicheskaya mysl' XX veka*. [American Political Thought of the Twentieth Century.] M: Progress-Tradition, 2014. (In Russian)

Баталов Э.Я. *Американская политическая мысль XX века*. М.: Прогресс-Традиция; 2014.